

ГТАХР 06.71.07
ӘОЖ 338.43(1-856)

Г.Г. ШИНЕТ,¹

PhD.

Р.О. БУГУБАЕВА,²

э.ғ.к., профессор.

Р.С. БЕСПАЕВА,²

PhD.

А.Т. АБДИКАРИМОВА,²

э.ғ.к., доцент.

Мирас университеті.¹

Қазтұтынуодағы Қарағанды
экономикалық университеті²

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Андатпа

Мақалада шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің тиімділігі мәселелері зерделенді, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігі ұғымы және түрлері бойынша оны жіктеудің әртүрлі авторлық принциптері қарастырылды, ресурстарға ең аз шығынмен қосымша өндіріс мүмкіндігі ретінде экономикалық тиімділікті негіздейтін «тиімділік» категориясы туралы әртүрлі көзқарасты ғалымдар мен тәжірибеші-мамандардың ой-пікірлері айтылған. Өндірістік-технологиялық тиімділік, өндірістік-экономикалық тиімділік, әлеуметтік-экономикалық тиімділік, ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық-экономикалық тиімділігі сияқты тиімділік түрлері бойынша мысалдар келтірілген. Шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарына қолданылатын өндіріс тиімділігінің көрсеткіштеріне жіктеу ұсынылған. Ауыл шаруашылығы ұйымдарының өндірістік қызметінің тиімділік деңгейіне әсер ететін немесе белгілі бір әсер етуге қабілетті барлық факторлар техникалық-технологиялық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, экономикалық, табиғи факторлар топтарына біріктірілген. Сондай-ақ, шаруашылық жүргізудің әрбір түріне (жұртшылық шаруашылықтары, шаруа (фермерлік) қожалықтар), оның тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер тән болуы мүмкін деген негіздеме берілген. Көрсеткіштерге табиғи немесе құндық түрлері жатқыздырылған. Аталған көрсеткіштер түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы ауыл шаруашылығы ұйымдарының қызметін бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін екендігі атап өтілген. Ауыл шаруашылығы ұйымдарының өндірістік қызметінің тиімділігіне әсер ететін факторлар және шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарына қатысты өндіріс тиімділігі көрсеткіштерінің сыныптамасы сызба түрінде көрнекі түрде көрсетілген. Ауыл шаруашылығы ұйымдары тиімділігінің өсуін тұрақтандыруға бағытталған ұйымдастыру тетігін жетілдірудің негізгі бағыттары көрсетілген.

Тірек сөздер: ауыл шаруашылығы, агроөндіріс, тиімділік түрлері, шаруашылық нысандары, қызметті бағалау, факторлар, көрсеткіштер.

Ауыл шаруашылығы дамуының барлық кезеңдерінде өндірістің тиімділігі ауыл шаруашылық ғылымдарының басты назарында болды. Тиімділік мәселесінің өзектілігі аграрлық өндіріс субъектілерінің өндірістік-шаруашылық қызметін ғана емес, сондай-ақ олардың қызметінің әлеуметтік-экономикалық аспектілерін де қамтиды. Ғылыми-инновациялық және теориялық позициялар тұрғысынан қолданбалы және іргелі зерттеулерде «тиімділік» категориясы туралы ғалымдар мен тәжірибеші мамандардың арасында әртүрлі көзқарастар қалыптасып, айтылған болатын. Бұл оның күрделілігімен, сан қырлығымен, қарама-қайшылығымен түсіндіріледі. Отандық және шетелдік тәжірибеде өндірістің тиімділігі меншік түріне емес, өндірістің ұйымдастырылуына, ұйым көлемі мен оның қарқындауына, сондай-ақ экономикалық қатынастарды мемлекеттік реттеу жүйесіне, реттеу сапасына, кадрлардың мамандану деңгейіне байланысты екендігін дәлелдейді. Қазіргі экономиканың нағыз келбетіне экономика ғылымы теориясының бастамасы жауап береді, соған сәйкес меншіктің және шаруашылық жүргізудің түрі өзінің тиімді орнын табады. Сонда да артықшылықтар туралы пікірталастар азаймауда.

Ең алғашқы болып «тиімділік» түсінігі жайлы экономикалық үрдістердің сандық талдауының негізін қалаушы меркантилистер У. Петти және Ф. Кененің еңбектерінде айтылған. Ал К. Маркс экономикалық тиімділікті ресурстардың шығындарын аз жұмсай отырып, қосымша өндіру мүмкіндігі ретінде негіздеген.

Қоғамдық өндірістің тиімділік мәселесі, әсіресе соның ішіндегі ауыл шаруашылығындағы тиімділік мәселесі, отандық экономикалық пайымдауда 60-жылдардағы А.Н. Косыгиннің бастамасы бойынша шаруашылықты реформалауға дайындық кезеңінде, Т.С. Хачатуровтың басқаруымен КСРО ғылым Академиясының ғылыми бағыты құрылған кезде белсенді зерттеле бастады. 1960 жылы халық шаруашылығындағы капитал салымдары мен жаңа техниканың экономикалық тиімділігін анықтаудың Типтік әдістемесі жарыққа шықты. Сол кезеңдегі ұсынылған басылымдарында өндіргіш күштерді дамытумен тікелей байланысты экономикалық тиімділіктің әдістемелік көзқарастары мен көрсеткіштері шаруашылық жүргізудің қазіргі жағдайында да ғылыми-тәжірибелік мәнін сақтады.

XX ғасырдың жартысынан агроөндірістің тиімділігі мәселесі бойынша зерттеулер көбейді. Мәселен, И.Г. Мищенконың (1950 ж.) талдауының объектісі ауыл шаруашылығына капитал салымдарының тиімділігі болды. Экономикалық тиімділік мәселесі өкілдік кеңесте (1960 ж.) ғылыми қоғамдастықпен кеңінен талқыланды және «Ауыл шаруашылығы мәселелерін кешендік шешудің экономикалық тиімділігі» атты ұжымдық еңбекте ұсынылды. Сондай-ақ, П.Л. Клемишевтің, К.П. Оболенскийдің монографияларында (1974 ж.), В.П. Ефимовтың және В.И. Манякиннің талдамалық зерттеулерінде (1977 ж.) ұсынылды. Кейінгі жылдары ауыл шаруашылық өндірістің тиімділігінің теориялық және қолданбалы аспектілерін А.И. Амосов, А.И. Алтухов, В.Р. Боев, А.В. Бусыгин, В.П. Василенко, Д.Ф. Вермель, А.М. Емельяновтың және тағы басқа ауыл шаруашылығы экономистерінің еңбектерінде қарастырылған.

Аграрлық өндірістегі ұйымдық-құқықтық нысандардың тиімділігінің көп қырлылығы және оны бағалаумен байланысты теориялық және тәжірибелік мәселелер экономика ғылымдарының классиктерінің еңбектерінде зерттелген. Олардың кейбіреулері шағын шаруа өндірісін жақтап, оның басқа ауыл шаруашылығын жүргізудің басқа нысандарымен салыстырғанда оның артықшылықтарын дәлелдейді. Ал басқалары кішіге қарағанда ірі ұйымдастырушылық-экономикалық артықшылықтарын қарастырған.

Тиімділік – нәтиженің салыстырмалы көрсеткіші. Тиімділікті келесідей түсіндіруге болады:

- ◆ анықталған нақты нәтиже (бір нәрсені іске асырудың тиімділігі);
- ◆ нәтиженің немесе үрдістің максималды мүмкінсіне, идеалды және жоспарлысына сәйкестігі;
- ◆ жүйелердің функционалды алуан түрлілігі;
- ◆ іс-әрекеттің қанағаттанарлығының сандық сипаттамасы;
- ◆ мақсатты бекітулер мен функциялардың жүзеге асу ықтималдылығы;
- ◆ нақты тиімділіктің талап етілген (нормативті) тиімділікке қатынасы.

В.Г. Гусаковтың пікірінше, экономикалық тиімділікті экономикалық нәтижені шығындар көлеміне бөлу арқылы анықталатын салыстырмалы көрсеткіш деп санайды [1]. Ауыл шаруашылығының экономикалық тиімділігі өндіріс үрдісінде – жер, жұмыс күші және басқа да материалдық ресурстарды қолдану шығыстар мен алынған нәтиженің ара қатынасымен сипатталады.

Г.В. Савицкаяның анықтауы бойынша, «экономикалық тиімділік шаруашылық іс-әрекеттің нәтижесі мен қол жеткіздірілген өндіргіш күштердің деңгейі мен оларды қолдану дәрежесін білдіретін табиғи және заттай еңбек, ресурстар шығындары арасындағы қатынас» болып табылады [2].

И.А. Минаковтың оқу құралында «әлеуметтік-экономикалық тиімділік» термині қолданылған. Алайда, біздің ойымызша, функционалды-салалық бағыт бойынша экономикалық және әлеуметтік тиімділік өзара тығыз байланысты болғанымен бір-бірінен ерекшеленеді және сол себепті бөлек ғылыми талдауды қажет етеді [3].

Ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігі мәселесіне арналған көптеген зерттеулер бұл категорияның күрделі екендігін дәлелдейді. Жиі талқыланатындығын ескере отырып, ең бастысы, оның мазмұны өндірістік шығындарды және олардың нәтижелерін өзара есептеумен байланысты екендігін ескерген жөн. Авторлардың көпшілігінің пікірі ортақ. Олар өндірістің тиімділігі өзара байланысты принциптердің бірлігіне, яғни қойылған мақсатқа жету және нәтиже алуға бағытталған заттай және тірідей шығындардың минималдануына негізделген деп санайды.

Қазіргі кезде экономикалық әдебиеттерде ауыл шаруашылық өндірісі тиімділігінің келесідей түрлері бар: өндірістік-технологиялық, өндірістік-экономикалық, әлеуметтік-экономика-

лық, экологиялық-экономикалық. Өндірістік-технологиялық тиімділік өндірістік ресурстардың (жер, материалдық, еңбек) қолдану деңгейін сипаттайды. Ол келесідей көрсеткіштермен: жер қайтарымы, қор қайтарымы, материалдық сыйымдылық, еңбек сыйымдылығымен сипатталады.

Өндірістік-экономикалық тиімділік өндірістік-техникалық тиімділік пен экономикалық механизм әсерін анықтайды. Оны есептеу үшін өзіндік құн, жалпы және таза табыс, кіріс және тағы басқа көрсеткіштер қолданылады.

Әлеуметтік-экономикалық тиімділік өндірістік-экономикалық тиімділіктен туындаушы болып табылады. Ол кәсіпорын жұмысының тиімділігін жалпылай, сондай-ақ үрдістердің жүзеге асу деңгейін сипаттайды. Оларды бағалауға келесі көрсеткіштер қолданылады. Жер ауданының бірлігіне шаққандағы өнім құны, табыс мөлшері, пайдалылық деңгейі, бір жұмысшыға есептегендегі тұтыну қоры.

Экологиялық-экономикалық тиімділік өндірістің қоршаған ортаға әсерін көрсетеді. Ол келесідей көрсеткіштермен беріледі: қоршаған ортаны ластауды алдын-алушы немесе жоюмен байланысты шығындардың өтелімділігі, сондай-ақ қоршаған ортаның экономикалық ахуалының нашарлауы себебінен ауыл шаруашылық өнімінің шығыс көлемі.

Әлеуметтік тиімділіктің бағалануы арнайы әдістеме бойынша анықталуы тиіс. Жұмысшының өмір сүру әлеуетінің динамикасына арналған маңызды әсері нақты жиынтық табыстың көрсеткіштеріне ие. Нарықтық экономикаға өту табыстар тепе-теңсіздігінің ара қашықтығын ұзарта түсті. Сондықтан тек қана номиналды табыстың индексін емес, сондай-ақ өмір сүру құны индексін де (тұтыну қоржыны) анықтау қажет. Осы индекстердің динамикасын салыстыру жұмысшы және оның жанұясының өмір сүру әлеуетінің талданып отырған кезеңдегі өзгерісі туралы талқылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жұмыссыздық деңгейін (елдің еңбекке жарамды халқының ішіндегі жұмыссыздардың үлесі) ескеру қажет. Нарықтық қатынастарға өту жағдайында, яғни 1991 жылдан бастап, АӨК жұмысшыларының өмір сүру және демалу жағдайы қала халқымен салыстырғанда айтарлықтай нашарлағанын атап өткен жөн.

Ауыл шаруашылық ұйымдардың өндірістік іс-әрекетінің тиімділік деңгейіне белгілі әсер ететін факторларды келесідей топтарға біріктіруге болады: техника-технологиялық; әлеуметтік; ұйымдастырушылық; экономикалық; табиғи (сурет 1).



Сурет 1 – Ауыл шаруашылық ұйымдардың өндірістік іс-әрекетінің тиімділігіне әсер ететін факторлар

Техника-технологиялық факторлар тобында техника, технологиядан бөлек, өндірістің тиімділігіне қайта құрылымдау, әртүрлі дақылдардың сұрыптарын және селекциялау негізінде малдардың тұқымдарын жақсарту үлкен әсер етеді.

Әлеуметтік факторларға ауылдағы өмір сүру жағдайы мен ауыл шаруашылық жұмысшыларының еңбек ету деңгейінде әлеуметтік тиімділік оның еңбек ұжымының әлеуметтік дамуымен тікелей байланысты. Бұл келесідей мәселелердің шешімінде өз орнын табады:

- ◆ ауыр қол еңбегі, бірсарынды және біліктілігі төмен еңбекті азайту және мүмкіндігі бойынша қысқарту;

- ◆ техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық шарттарды сақтау;

- ◆ жұмыс орындарының ұйымдастырылуын жақсарту;

- ◆ кәсіпорын жұмысшыларының біліктілігін, жалпы білім беру және мәдени деңгейін арттыруға жәрдемдесу;

- ◆ ауыл шаруашылық жұмысшыларының және олардың жанұяларының медициналық қызмет көрсетулерін жақсарту;

- ◆ ауылдық аймақтардағы күнделікті қызмет көрсету саласын дамыту;

- ◆ өмір сүру жағдайларын жақсарту және тағы басқалары.

Негізгі ұйымдастырушылық факторлардың қатарына келесілерді жатқызуға болады: кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны, шаруашылық көлемі, басқару жүйесі (басшылықтың инновацияға қабілеті) және бухгалтерлік есепті, өндірістік құрылымды ұйымдастыру және тағы басқалар [4].

Негізгі экономикалық факторлардың қатарына келесілерді жатқызуға болады: инфляция, дотация және субсидия, өндіріс құралдарының бағасы, өткізу нарығы мен өткізу бағалары. Табиғи факторларға климаттық жағдайлар, құнарлы топырақ жатады. Өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруда әлеуметтік факторлардың рөлі өте маңызды болып табылады. Тек қана көрсеткіштердің жүйесі ғана кешенді талдау жүргізуге және ауыл шаруашылық өндірістің экономикалық тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары туралы сенімді тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Тиімділік мәселесі туралы қызу пікірталастар аграрлық әдебиеттерде көбейе түсті. Тиімділікті талдауға әртүрлі әдіснамалық тәсілдер анықтала бастады. К.К. Котов, К.П. Оболенский, Н.В. Клемышев, Е.С. Карнухова ауыл шаруашылық экономистері сол кезеңдегі әміршіл-әкімшіл жүйенің қағидаларына сай табиғи-заттай бағалауға, еңбек шығындарына құндық категориялар мен көрсеткіштерге екінші ретті және қосалқы рөл берді. Басқа зерттеушілер (И.Н. Буздалов, В.Г. Вежнер, В.П. Василенко, Л.Н. Кассиров, В.А. Морозов және тағы басқалары) керісінше, шығындар мен нәтижелерді есептеудің құндық түрлеріне көңіл бөледі, нарықтық экономиканың қағидаларына сүйенеді.


Бірақ шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарына тиімділік көрсеткіштерін қалай қоладану керектігін ұсынбаған. Біздің ойымызша, мұны былай түсіндіруге болады, жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа немесе фермер қожалықтары бұрынғы ауыл шаруашылық ұйымдармен салыстырғанда да, қазіргі заманғы әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы әрқилы кәсіпорындарымен салыстырғанда да ұсақ тауар өндірісі деңгейінде болып табылады.

Екіншіден, олардың іс-әрекеттері бірінші кезекте, өз қажеттіліктерін өтеуге, кейінгі кезекте өндірілген ауыл шаруашылық өнімнің белгілі бөлігін өткізу есебінен ақшалай табыс көзі болып табылған.

Үшіншіден, фермерлік шаруа қожалықтары заңды түрде кейінірек нақтыланған. Ал жұртшылықтың жеке қосалқы шаруашылығы жайлы арнайы заңның жоқтығы да бар.

Әртүрлі пікірлерді ескере отырып, әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы шаруашылықтарда аграрлық өндірістің экономикалық тиімділігін жан-жақты сипаттауға мүмкіншілік беретін келесідей көрсеткіштер жүйесін ұсынамыз (сурет 2, б. 110).

Ауыл шаруашылық өндірістің экономикалық тиімділігі жеке және жалпы көрсеткіштерге бөлінеді. Жеке көрсеткіштер ресурстардың жекелеген түрлерін немесе қолдануды сипаттайды, ал жалпы көрсеткіштер ресурстық әлеуеттің және барлық ағымды шығындарды қолданудың экономикалық тиімділігінің синтетикалық бағалауын сипаттайды. Тиімділік көрсеткіштері ішінде ресурстарды қолдануда жеке көрсеткіштер қатарына келесілерді жатқыздыруға болады: жердің қайтарымы, қор қайтарымы, ал жалпы көрсеткіштерге – ресурс қайтарымы. Тиімділік көрсеткіштері ішінде шығындарды қолдану бойынша жеке көрсеткіштерге өзіндік құн, материал сыйымдылығы, еңбек сыйымдылығы, ал жалпы көрсеткіштерге – пайдалылық деңгейі жатады [4].



Сурет 2 – Шаруашылық жүргізудің әртүрлі нысандарына қатысты өндіріс тиімділігі көрсеткіштерінің сыныптамасы

Ауыл шаруашылық өндірістің экономикалық тиімділігі табиғи және құндық көрсеткіштер жүйесімен сипатталады. Бастапқы көрсеткіш ретінде, әрине, табиғи көрсеткіштерді есептейді: өнім түсімі, ауыл шаруашылық жануарларының өнімділігі. Жоғары өнімділік, жануарлардың өнімділігін көтеру мәселесіне ауыл шаруашылығының бастапқы мақсаттары жауап береді, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында тұтыну құны өндірісін арттыру. Өнімділік көлемі басқа көрсеткіштердің көлеміне тікелей әсер етеді.

Алайда табиғи көрсеткіштер қол жеткізген тиімділіктің бір жағын ғана көрсетеді. Экономикалық тиімділікті анықтау үшін өнім түсімділігі мен малдың өнімділігін қамтамасыз етуші жиынтық еңбек шығының мәнін білу қажет. Өнімнің түсімділігінің бір деңгейі әртүрлі еңбек шығын мен өндіріс құралдарына қол жеткізгенде мүмкін болуы әбден мүмкін. Сондай-ақ, бірдей өнім түсімділігінде олардың сапасы әртүрлі болуы да ықтимал. Бұл да, өз кезегінде, өндірістің тиімділігіне әсер етеді [5].

Өндіріс нәтижесі мен шығын көлемін есептеу үшін өндірілген өнім көлемін құндық түрге өткізеді. Құндық көрсеткіштердің тек есептік қана емес, сондай-ақ экономикалық мәні де болады, өйткені оларды көмегімен тауарлы-ақшалай қатынастар анықталады [6].

Бұл көрсеткіштер әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы ауыл шаруашылық ұйымдарының шаруашылық іс-әрекеттерін бағалауға қолдануға болады. Аймақтағы әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы шаруашылықтардың көрсеткіштерін есептеу және салыстыру олардың салыстырмалы тиімділігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді [7].

Ауыл шаруашылық ұйымдардың тиімділігінің өсімін тұрақтандыруға бағытталған ұйымдастырушылық механизмді жетілдірудің негізгі бағыттары келесідей болып табылады:

- ◆ жер мен мүліктердің меншікте сақталуын қамтамасыз ету;
- ◆ еңбекке төлем жүйесінің соңғы шаруашылық нәтижесімен барынша тығыз байланысуы;
- ◆ құрылымдық бөлімшелердегі ұжымдардың ішкі шаруашылық есебінің дамуы, олардың іс-әрекетінің соңғы нәтижесіне қызығушылығын арттыру.

Сонымен, қорытындылай келгенде, экономикалық тиімділік – маңызды әлеуметтік-экономикалық категория, оны екі: сандық және сапалық жақтарынан сипаттауға болады. Сапалық жағы логикалық, теориялық мазмұнын, яғни категория мәнін, сандық жағы уақытты үнемдеу заңын, әсіресе, бүкіл өндірістік үрдістің барысындағы қоғамдық өндірістің мақсаттарына қол жеткізуде және бүкіл халық шаруашылық масштабта оның жекелеген фазаларындағы, жеке аймақтардың, салалардың, шаруашылық субъектілердің уақытын үнемдеуді сипаттайды. Қоғамдық дамудың барлық қадамдарындағы экономикалық тиімділіктің критерийі осы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Гусаков В.Г. Предложения по интенсификации и повышению эффективности основных товарных отраслей растениеводства. – Минск: Институт экономики НАН Беларуси, 2007. – 36 с.
- 2 Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятий АПК: учебник. – Минск: Новое знание, 2005. – 160 с.
- 3 Минаков И.А. Экономика сельского хозяйства. – М.: Колос, 2005. – 400 с.
- 4 Экономика сельского хозяйства: учебник / Г.А. Петранёва, Н.Я. Коваленко, А.Н. Романов, О.А. Моисеева / под ред. проф. Г.А. Петранёвой. – М.: Альфа-М: ИНФРА-М, 2012. – 288 с. (ПРОФИЛЬ).
- 5 Нечаев В. Оценка экономической эффективности / В. Нечаев, Н. Сейфетдинова, С. Фетисов // Экономика сельского хозяйства России. – 2009. – № 10. – С. 46–54.
- 6 Гатаулин А.М. О системном подходе к оценке экономической эффективности в АПК // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. – 2006. – № 8. – С. 8–11.
- 7 Экономика сельского хозяйства: учебник / Н.Я. Коваленко, Ю.И. Агибров, Н.А. Серова и др. – М.: ЮРКНИГА, 2004. – 384 с.

Аннотация

В статье изучены вопросы эффективности деятельности хозяйствующих субъектов, рассмотрены понятие эффективности сельскохозяйственного производства и различные авторские принципы классификации его по видам, изложены мнения ученых и специалистов-практиков с различными взглядами на категорию «эффективность», обосновывающих экономическую эффективность как возможность дополнительного производства с минимальными затратами на ресурсы. Приведены примеры по видам эффективности, таким, как производственно-технологическая эффективность, производственно-экономическая эффективность,

социально-экономическая эффективность, эколого-экономическая эффективность сельскохозяйственного производства. Предложена классификация показателей эффективности производства применительно к различным формам хозяйствования. Все факторы, влияющие или способные оказывать определенное воздействие на уровень эффективности производственной деятельности сельскохозяйственной организации, объединены в группы факторов: технико-технологические, социальные, организационные, экономические, природные. Также дано обоснование того, что каждой форме хозяйствования (хозяйства населения, кретьянские (фермерские) хозяйства) могут быть присущи показатели, характеризующие ее эффективность. Отмечено, что данные показатели могут быть использованы для оценки деятельности сельскохозяйственных организаций различных организационно-правовых форм. Наглядно показаны факторы, влияющие на эффективность производственной деятельности сельскохозяйственных организаций и классификация показателей эффективности производства различных форм хозяйствования в виде схемы. Перечислены основные направления совершенствования организационного механизма, направленного на стабилизацию роста эффективности сельскохозяйственных организаций.

Ключевые слова: сельское хозяйство, агропроизводство, виды эффективности, формы хозяйствования, оценка деятельности, факторы, показатели.

Abstract

The article is devoted to the issues of efficiency of economic entities, the concept of efficiency of agricultural production and various author's principles of its classification by different types, the opinions of scientists and practitioners with different views on the category of "efficiency", justifying economic efficiency as a possibility of additional production with minimal costs for resources. Examples are given by types of efficiency, such as production and technological efficiency, production and economic efficiency, social and economic efficiency, ecological and economic efficiency of agricultural production. Classification of indicators of efficiency of production in relation to various forms of management is offered. All factors that affect or can have a certain impact on the level of efficiency of production activities of agricultural organizations combined into groups of factors such as technical, technological, social, organizational, economic, natural. The justification that every form of economy (households, farmer economy) can be characterized by the indicators of its efficiency is given. It was noted that these indicators can be used to assess the activities of agricultural organizations of different organizational and legal forms. The factors influencing efficiency of production activity of the agricultural organizations and classification of indicators of efficiency of production of various forms of managing in the form of the scheme are visually shown. The main directions of improvement of the organizational mechanism aimed at stabilizing the growth of efficiency of agricultural organizations are listed.

Key words: agriculture, agroproduction, types of efficiency, organizational forms, assessment of performance, factors, indicators.